

# Ленин тууы

КК(Б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, өңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және КК(Б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Шығуына  
26-шы жыл  
№ 251  
(6952)  
1944 жыл  
Сейсенбі  
19 декабрь  
Жеке саны  
20 тыйын

Отанымыздың намысы мен тәуелсіздігі үшін совет әйелдері, жастары мен қыздары еңбек майданында ерлік, батырлық көрсетуде. Олар Отанымызды неміс-фашист жауыздардан қорғап жүрген әкелері мен балаларына, ерлері мен аға-інілеріне сай болды.

И. СТАЛИН.

## Комсомол ұйымдарының ардақты міндеті

Облысымыздың жүздеген комсомол мүшелері мен жастары ұлы отан соғысы майданына аттанып, неміс-фашист басқыншыларға қарсы күресте батырлықтың, батылдықтың пен табандылықтың тамаша үлгісін көрсетіп жүр. Ел ішінде қалған комсомол мүшелері мен жастар да өнеркәсібінде, транспортта, колхоздар мен совхоздардың егін даласында қажірлі еңбек істеп, майдандағы құрдастарына сай болды.

Облысымыздың жастары Советтер Одағы комсомол мүшелері мен жастарының кеменгер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта алған сөзін мүлтіксіз орындау үшін еңбек майданында барлық күш-қайратын жұмсауда.

Сүйікті көсеміміздің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 27 жылдығы туралы тарихи баяндамасы мен бұйрығы жастарды жаңа ерлік істерге жігерлендірді.

Темір жол транспорты мен кәсіп орындарында сан мыңдаған жастар еңбек істеп жүр. Олар быйыл транспорт пен кәсіп орындарының қысқы маусымға әзірлеуде еңбек үлгісін көрсетті. Жас жұмысшылар қажірлі еңбек істеп, өндірістік тапсырмаларды дер кезінде, артығымен орындауда. В. Баранов жолдас басқарған комсомол-жастар бригадасы 3-тоқсанның өндірістік жоспарын 502 процент орындап, еңбек үлгісін көрсетті. Бұл бригада үлгілі еңбегі үшін ҚЛКЖО Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туына екі рет ие болды.

Өнеркәсібінде істеуші жас жұмысшылар стахановша еңбек істеп, майдан үшін өнімді мол өндіруде. Өнеркәсіп орындарындағы көптеген жас жұмысшылар бірнеше мамандықты меңгерді. Көптеген жастар өндірісте екі-үш жұмысшының орнына жұмыс істеп жүр.

Жас колхозшылар егін жыйнауда, мемлекетке астық тапсыруда, мал қыстауға әзірлеуде және оны үлгілі өткізуде еңбек үлгісін көрсетті. Жүздеген жастар еңбекшілерді қажірлі еңбекке жұмылдырып, өздерінің іскерлік, ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсетті. Комсомол мүшелері мен жастар Қызыл Армияның жеңіс қорына еселеп көп астық тапсырып, бұл игілікті іске белсене қатысты. Совет ауданының комсомол мүшелері мен жастары жеңіс қорына көп астық тапсырды.

Қазір облысымызда комсомолдың басшы орындарының есеп беру-сайлау науқаны өткізіліп жатыр. Есеп беру-сайлау кезінде оқу орындарында оқушы жастар арасында тәртіп нығайтып, сапалы оқу үшін социалистік жарыс кеңінен өріс алды.

Көптеген мектептерде жаңадан комсомол ұйымдары құрылды. Комсомолдың басшы орындарының есеп беру-сайлау жыйылыстары әсіресе Совет, Петропавл, Полудень аудандарында үлгілі өткізіліп жатыр. Көптеген комсомол ұйымдарында комсомолдың басшы орындарының есеп беру-сайлау жыйылыстары саяси-идея жағынан жоғары дәрежеде өткізілуде.

Комсомол ұйымдарының қазіргі айында міндеті—есеп беру-сайлау жыйылыстары өткізу кезінде еңбек өнімін неғұрлым арттыра түсу, жыйылыстың ұйымшылдықпен жоғары дәрежеде өткізілуін қамтамасыз ету болып саналады. Комсомолдың басшы орындарына қолынан іс келетін, ұйымдастырушылық жағынан қабілетті жігерлі жастар сайлануға тиіс.

Комсомолдың басшы орындарының есеп-беру сайлау науқанын комсомол мүшелері мен жастардың өндірістік жігерін арттыра түсу, еңбек майданында жаңа табыстарға жетумен өткізетін болайық. Бұл комсомол ұйымдарының ардақты міндеті.

## СОВЕТ ХАБАРШЫ БЮРОСЫНАН

### 16 ДЕКАБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

16 декабрьде Венгрияда МИШКОЛЦ қаласының солтүстік және солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз ШАРОШ-ПАТАК қаласы мен темір жол станциясын алды, сол сыяқты 30дан аса басқа елді жерлерді, оның ішінде ВИТАНЬ, ФЕЛШЕ, РЕГМЕЦ, РУДА, БАНЬЯЧКА, АБАУЙСАНТО, ФОРРУ, ФАНЧАЛ, ФАЙ, ФЕЛШЕ-ГАДЬ, СОСФА, БАРАКОНИ, МАРТОННИЙ, САЛОННА, ФЕЛШЕ-ТЕЛЕКЕШ қыстақтары мен АБАУЙСАНТО, САЛОННА темір жол станцияларын ұрыспен алды.

15 декабрьдегі ұрыстарда МИШКОЛЦ қаласының солтүстік және солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз немістер мен венгрлердің 810 солдатты мен офицерін қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

15 декабрьде әскерлеріміз немістердің 11 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 58 самолеті атып түсірілді.

### ҚЫЗЫЛТУЛЫ БАЛТЫҚ ФЛОТЫНЫҢ СОҒЫС-ТЕҢІЗ КҮШТЕРІ МЕН АВИАЦИЯСЫ НЕМІСТЕРДІҢ 3 МИНОНОСЕЦІ МЕН 6 ТРАНСПОРТЫН СУҒА БАТЫРДЫ

Қызылтулы Балтық флотының соғыс-теңіз күштері 12 декабрьде Балтық теңізінде немістердің 3 миноносецін суға батырды. Оның ішінде әр қайсысы 1800 тонналық 2 транспорт суға батырылды. Суға батырылған миноносецтердің әр қайсысына 150 миллиметрлік 5 зеңбірек, 37 миллиметрлік 4 зеңбірек және 8 торпеда аппараты орнатылған болатын. Бір миноносецтің командасы 320 адамнан құралған. Жаудың 600 тонналық үшінші бір миноносеціне 150 миллиметрлік бір зеңбірек, 37 миллиметрлік 2 зеңбірек және 6 торпеда ап-

параты орнатылған еді. Миноносецтің командасы 130 адамнан құралған.

Совет кемелері дұшпанның суға батырылған миноносецтерінің экипаждарынан немістердің 200ден аса теңізшісі мен офицерін қолға түсірді.

Қызылтулы Балтық флотының авиациясы 14 декабрьде Либава портында дұшпанның транспорттарына соққы берді. Бомбалау нәтижесінде немістердің 24 мың тонналық 6 транспорты суға батырылды және жаудың 5 мың тонналық бір транспорты зиядалды.

### 17 ДЕКАБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

17 декабрьде Венгрияда МИШКОЛЦ қаласының солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, ПУТНОК қаласы мен темір жол станциясын алды, сол сыяқты 40тан аса басқа елді жерлерді, оның ішінде ВАМОШ-УЙФАЛУ, ТОЛЬЧВА, ЕРДЕ-ГОРВАТИ, ЕРДЕ-БЕНИЕ, БОДОКЕ-ВАРАЛЬЯ, ВИЖОЛИ, АЛШО-НОВАЙ, ПЕРКУПА, РОГАЛЬ, КЕЛИМЕР, ШАЙО, НЕМЕТЬ, СУСА, ШАТА, ВИШНИО қыстақтары мен ЛИССКА—ТОЛЬЧВА, БОДОКЕ-ВАРАЛЬЯ, КОРЛАТ-ВИЖОЛИ, БАКСАЛЛАШ темір жол станцияларын ұрыспен алды.

Будапештің солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз ПАСТО қаласы мен темір жол станцияларын алды, сол сыяқты МАТРАСЕЛЛЕШ, ҚИШ-БАРКАНЬ, ФОТ МАДЬБОРОД қыстақтарын ұрыспен алды.

16 декабрьдегі ұрыстарда МИШКОЛЦ қаласының солтүстік және солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз немістер мен венгрлердің 1030 солдатты мен офицерін қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

16 декабрьде әскерлеріміз немістердің 14 танкін қыйратты, жойды.

\*\*\*

Венгрияда Мишколц қаласының солтүстік-шығыс және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ұрыс сала отырып, 10 километрдей алға басты. Совет бөлімдері әсіресе Путнок қаласы мен темір жол станциясының кіре беріс іргелерінде дұшпанның қатты қарсылығына кез болды. Немістер бұл жерде алдына, танкке қарсы терек орлармен және миналар қойған кең алаңдармен бүркемеленген қорғану жерлерін жасаған болатын. Әскерлеріміз қаланы қоршап алып, қатты ұрыста оны қорғап тұрған жаудың гарнизонын жойды. Немістердің 8 танкі мен өзгіннен жүретін зеңбірегі өртелді, қыйратылды. Совет әскерлері табысты дамыта отырып, 40тан аса елді жерлерді, оның ішінде Венгрия мен Чехословакия шекарасы бойындағы Суса қыстағын алды. Немістерден 9 зеңбірек, 33 пулемет, 30 мыңнан аса патрон 6 мың граната және басқа олжа қолға түсірілді.

\*\*\*

Будапештің солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз ойдағыдай орағыта әдіс жасап, Пасто қаласын қорғап тұрған дұшпан

ның тылына өтті. Жау әскерлеріміз бен атты әскерлеріміз гитлершілдерді талқандап, оны тозғындата бері иегіндірді. Пасто қаласы мен темір жол станциясында жаудың көп олжа түсірілді. Будапештің кіре беріс іргелерінде совет бөлімдері дұшпанның қарсылығын жеңіп, Фот қыстағын алды. Венгрия астанасынан 10 километр жердегі бұл қыстақ немістердің күшті бекінісі қорғану торабы болатын. Ұрыс дәлсінде жаудың жүздеген өліктері және немістердің қыйратылған техникасы мен көптеген қару-жарағы қалды.

\*\*\*

1-Прибалтық майданында авиациямыз дұшпанның аэродромдары мен Либава соғыс портына шабуыл жасады. Совет истребительдері немістердің аэродромдарын әуеден қоршап алып, жаудың истребительдерінің аспаңға көтерілуіне мүмкіншілік бермеді. Дәл осы мезгілде бомбашыларымыз бен штурманшыларымыз жер бетіндегі неміс самолеттеріне бомбалар тастап, оларға мылтықтар мен пулеметтерден оқ жаудырды. Дұшпанның 19 самолеті жойылды.

Бомбалау нәтижесінде Либава портында жаудың соғыс кемесі мен немістердің 3 транспорты суға батырылды. Портта өрттер шығып, взрывтар болды.

\*\*\*

Шығыс Пруссияда артиллерия-миномет атысы болып тұрды. Авиациямыз Лазден, Ангербург, Лейтен, Тройбург темір жол станцияларын бомбалады. Немістердің соғыс складтарына, станция құрылыстарына және темір жол табандарына бомбалардың дәл тигендігі байқалды. Дұшпанның 11 паровозы, 54 вагоны жойылды. Мұнымен қатар жаудың 2 темір жол эшелоны өртелді.

\*\*\*

Остроленка қаласының оңтүстік-батыс жағында бір топ барлаушыларымыз түнде немістердің тұрған жеріне өтті. Совет жауынгерлері найзамен түйреп және гранаталар лақтырып, 10 гитлершілді жойды, сөйтіп жаудан 10 адам қолға түсірді де, өз бөлімдеріне шығысыз қайтып келді. Н. бөлімнің артиллерияшылары дұшпанның бірнеше атыс бекіністерінің үні өміріп, 2 батальон гитлершілдерді тозғындатты.

\*\*\*

Солтүстік флоттың авиациясы Баренцovo теңізінде немістердің 3 мың тонналық транспортын суға батырды.

\*\*\*

Венгрлердің 2-танк дивизиясының 3-моторландырылған полкіндегі 2-батальонның қолға түсірілген солдатты Иожеф Больдович былай деді: «Немістер Венгриядан кәсіп орындарының жабдықтары мен шикі зат қорын тонап әкетуде. Алып негуге болмайтын заттарды олар қыйратып кетуде. Неміс солдаттары бейбіт халықты тонауда. Немістер былай дейді: «Біз қазірдің өзінде соғыста ұтылдык. Болашақ өміріміз туралы ойлайтын уақыт жетті. Қараңғы күнімізге арнап көбірек азық жыйнауымыз керек». Бір селода шаруалар бізді, венгр солдаттарын, бейбіт халыққа болыспағандығымыз үшін балағаттады. Солдаттар өзін-өзі ақтай бастады. Бұдан соң бір еңкейген март жұрттың алдына шығып, былай деді: «Сендердің үетеріндегі киім венгрлердің киімі екендігін мен көріп тұрмын, бірақ біз сендерді нағаймыз. Сендер немістер үшін соғылып жүрсіндер. Ал немістер сендердің әкелерің мен аналарыңды, аға-інілерің мен аяқарындастарыңды тонауда». Қарттың сөзі біздің, өңбемізден өтті. Тәң осы күні 2 батальонның 57 солдатты Қызыл Армия жағына шықты».

### Советтер Одағы мен Никарагуа республикасы арасында дипломатиялық және елшілік қатынас орнатылды

Совет Үкметі Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Никарагуа республикасы арасында дипломатиялық және елшілік қатынас орнату жөніндегі және өзара төтенше елшілер мен полномочиеді елдер алмасу туралы Никарагуа республикасы үкметінің ұсынысын қабылдады.

# Ленин тууы

КК(Б)Д Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, оңбөкілдер депутаттарының облыстық Советінің және КК(Б)Д Петропавл қалалық комитетінің газеті

Шығуына  
26-шы жыл  
№ 251  
(6952)  
1944 жыл  
Сейсенбі  
19 декабрь  
Жеке саны  
20 тыйын

Отанымыздың намысы мен тәуелсіздігі үшін совет әйелдері, жастары мен қыздары еңбек майданында ерлік, батырлық көрсетуде. Олар Отанымызды неміс-фашист жауыздардан қорғап жүрген әкелері мен балаларына, ерлері мен аға-інілеріне сай болды.

И. СТАЛИН.

## Комсомол ұйымдарының ардақты міндеті

Облысымыздың жүздеген комсомол мүшелері мен жастары ұлы отан соғысы майданына аттанып, неміс-фашист басқыншыларға қарсы күресте батырлықтың, батылдықтың пен табандылықтың тамаша үлгісін көрсетіп жүр. Ел ішінде қалған комсомол мүшелері мен жастар да өнеркәсібінде, транспортта, колхоздар мен совхоздардың егін даласында қажірлі еңбек істеп, майдандағы құрдастарына сай болды.

Облысымыздың жастары Советтер Одағы комсомол мүшелері мен жастарының кеменгер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта алған сөзін мүлтіксіз орындау үшін еңбек майданында барлық күш-қайратын жұмсауда.

Сүйікті көсеміміздің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 27 жылдығы туралы тарихи баяндамасы мен бұйрығы жастарды жаңа ерлік істерге жігерлендірді.

Темір жол транспорты мен кәсіп орындарында сан мыңдаған жастар еңбек істеп жүр. Олар быйыл транспорт пен кәсіп орындарының қысқы маусымға әзірлеуде еңбек үлгісін көрсетті. Жас жұмысшылар қажірлі еңбек істеп, өндірістік тапсырмаларды дер кезінде, артығымен орындауда. В. Баранов жолдас басқарған комсомол-жастар бригадасы 3-тоқсанның өндірістік жоспарын 502 процент орындап, еңбек үлгісін көрсетті. Бұл бригада үлгілі еңбегі үшін ҚЛКЖО Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туына екі рет ие болды.

Өнеркәсібінде істеуші жас жұмысшылар стахановша еңбек істеп, майдан үшін өнімді мол өндіруде. Өнеркәсіп орындарындағы көптеген жас жұмысшылар бірнеше мамандықты меңгерді. Көптеген жастар өндірісте екі-үш жұмысшының орнына жұмыс істеп жүр.

Жас колхозшылар егін жыйнауға, мемлекетке астық тапсыруға, мал қыстауға әзірлеуде және оны үлгілі өткізуде еңбек үлгісін көрсетті. Жүздеген жастар еңбекшілерді қажірлі еңбекке жұмылдырып, өздерінің іскерлік, ұйымдастырушылық қаблеттерін көрсетті. Комсомол мүшелері мен жастар Қызыл Армияның жеңіс қорына еселен көп астық тапсырып, бұл игілікті іске белсене қатысты. Совет ауданының комсомол мүшелері мен жастары жеңіс қорына көп астық тапсырды.

Қазір облысымызда комсомолдың басшы орындарының есеп беру-сайлау науқаны өткізіліп жатыр. Есеп беру-сайлау кезінде оқу орындарында оқушы жастар арасында тәртіп нығайтып, сапалы оқу үшін социалистік жарыс кеңінен өріс алды.

Көптеген мектептерде жаңадан комсомол ұйымдары құрылды. Комсомолдың басшы орындарының есеп беру-сайлау жыйылыстары әсіресе Совет, Петропавл, Полудень аудандарында үлгілі өткізіліп жатыр. Көптеген комсомол ұйымдарында комсомолдың басшы орындарының есеп беру-сайлау жыйылыстары саяси-идея жағынан жоғары дәрежеде өткізілуде.

Комсомол ұйымдарының қазіргі айбынды міндеті—есеп беру-сайлау жыйылыстары өткізу кезінде еңбек өнімін неғұрлым арттыра түсу, жыйылыстың ұйымшылдықпен жоғары дәрежеде өткізілуін қамтамасыз ету болып саналады. Комсомолдың басшы орындарына қолынан іс келетін, ұйымдастырушылық жағынан қаблетті жігерлі жастар сайлануға тиіс.

Комсомолдың басшы орындарының есеп-беру сайлау науқанын комсомол мүшелері мен жастардың өндірістік жігерін арттыра түсу, еңбек майданында жаңа табыстарға жетумен өткізетін болайық. Бұл комсомол ұйымдарының ардақты міндеті.

## СОВЕТ ХАБАРШЫ БЮРОСЫНАН

### 16 ДЕКАБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

16 декабрьде Венгрияда МИШКОЛЦ қаласының солтүстік және солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз ШАРОШ-ПАТАК қаласы мен темір жол станциясын алды, сол сияқты 30дан аса басқа елді жерлерді, оның ішінде ВИТАНЬ, ФЕЛШЕ, РЕГМЕЦ, РУДА, БАНЬЯЧКА, АБАУЙСАНТО, ФОРРУ, ФАНЧАЛ, ФАЙ, ФЕЛШЕ-ГАДЬ, СОСФА, БАРАКОНИ, МАРТОННИЙ, САЛОННА, ФЕЛШЕ-ТЕЛЕКЕШ қыстақтары мен АБАУЙСАНТО, САЛОННА темір жол станцияларын ұрыспен алды.

15 декабрьдегі ұрыстарда МИШКОЛЦ қаласының солтүстік және солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз немістер мен венгрлердің 810 солдатты мен офицерін қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

15 декабрьде әскерлеріміз немістердің 11 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 58 самолеті атып түсірілді.

### ҚЫЗЫЛТУЛЫ БАЛТЫҚ ФЛОТЫНЫҢ СОҒЫС-ТЕҢІЗ КҮШТЕРІ МЕН АВИАЦИЯСЫ НЕМІСТЕРДІҢ 3 МИНОНОСЕЦІ МЕН 6 ТРАНСПОРТЫН СУҒА БАТЫРДЫ

Қызылтулы Балтық флотының соғыс-теңіз күштері 12 декабрьде Балтық теңізінде немістердің 3 миноносецін суға батырды. Оның ішінде әр қайсысы 1800 тонналық 2 транспорт суға батырылды. Суға батырылған миноносецтердің әр қайсысына 150 миллиметрлік 5 зеңбірек, 37 миллиметрлік 4 зеңбірек және 8 торпеда аппараты орнатылған болатын. Бір миноносецтің командасы 320 адамнан құралған. Жаудың 600 тонналық үшінші бір миноносеціне 150 миллиметрлік бір зеңбірек, 37 миллиметрлік 2 зеңбірек және 6 торпеда ап-

параты орнатылған еді. Миноносецтің командасы 130 адамнан құралған.

Совет кемелері дұшпанның суға батырылған миноносецтерінің экипаждарынан немістердің 200ден аса теңізшісі мен офицерін қолға түсірді.

Қызылтулы Балтық флотының авиациясы 14 декабрьде Либава портында дұшпанның транспорттарына соққы берді. Бомбалау нәтижесінде немістердің 24 мың тонналық 6 транспорты суға батырылды және жаудың 5 мың тонналық бір транспорты зиядалды.

### 17 ДЕКАБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

17 декабрьде Венгрияда МИШКОЛЦ қаласының солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, ПУТНОК қаласы мен темір жол станциясын алды, сол сияқты 40тан аса басқа елді жерлерді, оның ішінде ВАМОШ-УЙФАЛУ, ТОЛЬЧВА, ЕРДЕ-ГОРВАТИ, ЕРДЕ-БЕНИЕ, БОДОКЕ-ВАРАЛЬЯ, ВИЖОЛИ, АЛШО-НОВАЙ, ПЕРКУПА, РОГАЛЬ, ҚЕЛИМЕР, ШАЙО, НЕМЕТЬ, СУСА, ШАТА, ВИШНИО қыстақтары мен ЛИССКА—ТОЛЬЧВА, БОДОКЕ-ВАРАЛЬЯ, КОРЛАТ-ВИЖОЛИ, БАКСАЛЛАШ темір жол станцияларын ұрыспен алды.

Будапештің солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз ПАСТО қаласы мен темір жол станцияларын алды, сол сияқты МАТРАСЕЛЛЕШ, ҚИШ-БАРКАНЬ, ФОТ МАДЬБОРОД қыстақтарын ұрыспен алды.

16 декабрьдегі ұрыстарда МИШКОЛЦ қаласының солтүстік және солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз немістер мен венгрлердің 1030 солдатты мен офицерін қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

16 декабрьде әскерлеріміз немістердің 14 танкін қыйратты, жойды.

\*\*\*

Венгрияда Мишколц қаласының солтүстік-шығыс және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ұрыс сала отырып, 10 километрдей алға басты. Совет бөлімдері әсіресе Путнок қаласы мен темір жол станциясының кіре беріс іргелерінде дұшпанның қатты қарсылығына кез болды. Немістер бұл жерде алдына, танкке қарсы терең орлармен және миналар қойған кең алаңдармен бүркемеленген қорғану жерлерін жасаған болатын. Әскерлеріміз қаланы қоршап алып, қатты ұрыста оны қорғап тұрған жаудың гарнизонын жойды. Немістердің 8 танкі мен өзгіннен жүретін зеңбірегі өртелді, қыйратылды. Совет әскерлері табысты дамыта отырып, 40тан аса елді жерлерді, оның ішінде Венгрия мен Чехословакия шекарасы бойындағы Суса қыстағын алды. Немістерден 9 зеңбірек, 33 пулемет, 30 мыңнан аса патрон 6 мың граната және басқа олжа қолға түсірілді.

\*\*\*

Будапештің солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз ойдағыдай орағыта әдіс жасап, Пасто қаласын қорғап тұрған дұшпан

ның тылына өтті. Жау әскерлеріміз бен атты әскерлеріміз гитлершілдерді талқандап, оны тозғындата нері негіздірді. Пасто қаласы мен темір жол станциясында жаудың көп олжа түсірілді. Будапештің кіре беріс іргелерінде совет бөлімдері дұшпанның қарсылығын жеңіп, Фот қыстағын алды. Венгрия астанасынан 10 километр жердегі бұл қыстақ немістердің күшті бекінісі қорғану торабы болатын. Ұрыс даласында жаудың жүздеген өліктері және немістердің қыйратылған техникасы мен көптеген қару-жарағы қалды.

\*\*\*

1-Прибалтық майданында авиациямыз дұшпанның аэродромдары мен Либава соғыс портына шабуыл жасады. Совет истребителдері немістердің аэродромдарын әуеден қоршап алып, жаудың истребителдерінің аспаңға көтерілуіне мүмкіншілік бермеді. Дәл осы мезгілде бомбашыларымыз бен штурманшыларымыз жер бетіндегі неміс самолеттеріне бомбалар тастап, оларға мылтықтар мен пулеметтерден оқ жаудырды. Дұшпанның 19 самолеті жойылды.

Бомбалау нәтижесінде Либава портында жаудың соғыс кемесі мен немістердің 3 транспорты суға батырылды. Портта өрттер шығып, взрывтар болды.

\*\*\*

Шығыс Пруссияда артиллерия-миномет атысы болып тұрды. Авиациямыз Лазден, Ангербург, Лейтен, Тройбург темір жол станцияларын бомбалады. Немістердің соғыс складтарына, станция құрылыстарына және темір жол табандарына бомбалардың дәл тигендігі байқалды. Дұшпанның 11 паровозы, 54 вагоны жойылды. Мұнымен қатар жаудың 2 темір жол эшелоны өртелді.

\*\*\*

Остроленка қаласының оңтүстік-батыс жағында бір топ барлаушыларымыз түнде немістердің тұрған жеріне өтті. Совет жауынгерлері найзамен түйреп және гранаталар лақтырып, 10 гитлершілді жойды, сөйтіп жаудан 10 адам қолға түсірді де, өз бөлімдеріне шығысыз қайтып келді. Н. бөлімнің артиллерияшылары дұшпанның бірнеше атыс бекіністерінің үні өміріп, 2 батальон гитлершілдерді тозғындатты.

\*\*\*

Солтүстік флоттың авиациясы Баренцovo теңізінде немістердің 3 мың тонналық транспортын суға батырды.

\*\*\*

Венгрлердің 2-танк дивизиясының 3-моторландырылған полкіндегі 2-батальонның қолға түсірілген солдатты Иожеф Больдович былай деді: «Немістер Венгриядан кәсіп орындарының жабдықтары мен шикі зат қорын тонап әкетуде. Алып кетуге болмайтын заттарды олар қыйратып кетуде. Неміс солдаттары бейбіт халықты тонауда. Немістер былай дейді: «Біз қазірдің өзінде соғыста ұтылдык. Болашақ өміріміз туралы ойлайтын уақыт жетті. Қараңғы күнімізге арнап көбірек азық жыйнауымыз керек». Бір сөзге шаруалар бізді, венгр солдаттарын, бейбіт халыққа болыспағандығымыз үшін балағаттады. Солдаттар өзін-өзі ақтай бастады. Бұдан соң бір еңкейген март жұрттың алдына шығып, былай деді: «Сендердің үетеріндегі киім венгрлердің киімі екендігін мен көріп тұрмын, бірақ біз сендерді нағаймыз. Сендер немістер үшін соғылып жүрсіндер. Ал немістер сендердің әжелерің мен аналарыңды, аға-інілерің мен аяқарындастарыңды тонауда». Қарттың сөзі біздің, өңбемізден өтті. Тәң осы күні 2 батальонның 57 солдатты Қызыл Армия жағына шықты».

### Советтер Одағы мен Никарагуа республикасы арасында дипломатиялық және елшілік қатынас орнатылды

Совет Үкметі Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Никарагуа республикасы арасында дипломатиялық және елшілік қатынас орнату жөніндегі және өзара төтенше елшілер мен полномочиеді елдер алмасу туралы Никарагуа республикасы үкметінің ұсынысын қабылдады.

**АСТЫҚ—ЖЕҢІСІМІЗДІҢ КҮІНТІ ҚҰРАЛЫ**

**Машина-саймандарды жөндеу жұмысына ерекше көңіл бөлінсін**

Келесі жылдың егісін уақытында салып өсіруге үшін мүлтіксіз әзірлену МТС және колхоз басшыларының ардақты міндеті.

Өткен жылғы тәжірибе көктемгі егіске алдында дайындалмаған колхоздарда көктемгі егістің кешігіп аяқталуына, егісін өңімі кем болуына әкеліп соққанын іс күзінде көрсетті. Егіске дайындықсыз әріскен колхоздар егіннен мол астық ала алмайды. Соның салдарынан мемлекетке астық тапсыру жоспары орындалмай, колхозшылардың еңбек күндеріне де астық аз бөлінді.

Өткен жылғы қателіктерді қайталамау үшін егіске дайындық жұмысын осы күнген бастап дереу күшейту керек. Алайда ешбір колхоз председателдері өткен жылғы қателіктерді қайталап отыр. Бұл сияқты жағдай Совет ауданындағы Сартомар МТСнің қамтуындағы колхоздарда кездеседі. МТСнің 13 колхозында 6 емір ұстасы бар. Егін жыйнау жұмысы аяқталғаннан бері едәуір уақыт өтсе де бұл колхоздарда бірде-бір соқа немесе бірде-бір тырма жөндеген жоқ. Бұған не басты себеп: колхоз председателдері

бұл жұмысқа әді күнге жеткілікті көңіл бөлмей отыр.

«Сартомар» (председателі Эубакиров жолдас), «Қызыл ту» (председателі Смағұл жолдас) және «Красный полтавец» (председателі Солдатенко жолдас) колхоздарында көктем егісіне даярлық жұмысы ескерусіз қалған. Бұл колхоздарда әді күнге бірде-бір ауыл шаруашылық машиналары жөндеген жоқ. Бұл жұмысты жүргізуге мойны жар бермей отырған колхоз басшыларына аудандық басшы ұйымдар ешбір шара қолданбай отыр.

Егіске әзірлік Сартомар МТСның өзінде де айтарлықтай емес. Трактор паркін жөндеу жұмысын бытырғы жылға қарағанда жақсы жолға қоюға мүмкіншілік болса тұрса да, жұмыс қарқыны тіпті баяу.

Ендігі жерде МТС және оның қамтуындағы колхоздарда ауыл шаруашылық машина-саймандарды жөндеу жөніндегі кемшіліктерді тез арада жою үшін ерекше көңіл бөлу керек.

**Ш. БЕКТҰРҒАНОВ,**  
Сартомар МТСның аға агрономы.

**Қызыл Армия қорына**

Ленин ауданының бірсыпра колхоздарында колхозшылардың жеке меншіктерінен Қызыл Армия қорына астық тапсыру ісі ұсыну жүргізіліп жатыр.

Ернарз аттындағы колхоздың колхозшылары өздерінің еңбекпен тапқан мол дәулеттерінен жеңіс қорына еселеп мол астық алысуда.

Колхоздың председателі орденді Ақжігіт Ақни жолдас колхозшыларды жеке меншіктерінен жеңіс қорына астық тапсыруға шақырып, өзі Қызыл Армия қорына 6 пұт астық беретіндігін айтты.

Председательдің бастамасын колхозшылар түгел қолдап, жеңіс қорына жеке меншіктерінен астық тапсыра бастады. Колхозшы Тілеутай және Бөден жолдасар да арқайсысы 3 пұттан астық беріп, Қызыл Армияның сарқылмас қорына үлес қосқандығын айтты. Ернарз колхозының кол

хозшылары жеке меншіктерінен 60 пұт астық бермек болды.

Қызыл армияның жеңіс қорына астық тапсыру жұмысы «Өндіріс колхозында да қызу жүргізілуде. Колхоз председателі Сағитов жолдас 6 пұт астық берді. Колхозшы Жахин жолдас жеңіс қорына 4 пұт астық беретіндігін айтты.

Бұлардан үлгі алған колхозшылар жеңіс қорына астық тапсыра бастады. Колхозшы Манилин, Қарабиров жолдасар да арқайсысы жеңіс қорына 3 пұттан үлес қосты. Бұл колхоздың колхозшылары Қызыл Армия қорына 100 пұт астық тапсырды.

Сол сияқты «Жарғайын», «Қара бұлақ» колхозының колхозшылары да жеңіс қорына жеке меншіктерінен астық тапсыруда.

**Б. ЕЛЕУСІЗОВ,**  
**ЯВЛЕНКА.** (Өз тілшімізден).

**МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ОҚУҒА ТҮГЕЛ ҚАМТЫЛСЫН**

Оқу бөлімдері мен мектеп меңгерушілерінің және оқытушылардың жауапты міндеттерінің бірі—мектеп жасындағы балаларды оқуға толық тарту. Бұл үшін олар не қажеттің бәрін істеуге міндетті.

Алайда істің жөйі олай болмай отыр. Оқу жылының алғашқы тоқсанының қорытындыларына қарағанда, облысымызда мектеп жасындағы балалардың 25—30 проценттей мектептен тыс қалған. Мәселен, Полудень ауданында бірінші тоқсанда мектеп жасындағы 500 бала, Қонохов ауданында 300дей бала, Мамлют ауданында 200дей бала оқуға қатыстырылмады.

Мұндай жағдай облысымыздың көптеген асқа аудандарында да бар. Бірсыпра аудандарда ең алдымен мектеп жасындағы балалар толық есепке алынбаған. Мұның бірі оқу бөлімдері басшыларының мектеп директорлары мен меңгерушілерінің мектеп жасындағы балаларды оқуға толық тарту жұмысының саяси мәнін көріне-көзге түсініп отырғандығын көрсетеді. Олар балалардың оқуға түгел қатысуы үшін жағдай жасамай, бұл мәселеге неғұрайды араған.

ниет бастауыш мектептері оқу жылын ешбір дайындықсыз бастады. Бұл мектептер толық жөнделіп жылытылмаған, дайындалған отын мектеп маңына тасылып, үйілмеген. Преснов ауданындағы Талпын бастауыш мектебінде де жағдай осындай.

Облыстық, аудандық оқу бөлімдері мен мектеп коллективтері кездескен кемшіліктерді дереу, іс үстінде жойып, мектеп жасындағы балаларды оқуға толық тарту үшін батыл шаралар қолдануға міндетті. Бұл үшін кейбір себептермен оқуға қатынаса алмай жүрген балаларға, әсіресе майданшылардың балаларына жағдай жасау керек. Ауыл-селолық жерде колхозшылар тарапынан балаларға көмек ұйымдастырылуы тиіс. Бұл істе мектептер жанынан ұйымдастырылған балалардың ата-аналар комитеттері зор роль атқаратын болсын.

Партия, совет комсомол ұйымдары мектеп жасындағы балаларды оқуға тарту ісіне белсене қатысып, бұл іске жете назар аударуға тиіс. Мектеп жасындағы бірде-бір бала оқудан тыс қалмасын.

**Ә. СЕЙІТБЕКОВ.**  
Облыстық әдіс кабинетінің әдісшісі.

**ЕАТЫС ЕВРОПАДАҒЫ СОҒЫС ҚҰЙМЫЛДЫРЫ**

ЛОНДОН, 17 декабрь. (ТАСС). Одақтас тартың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиесі штабының хабарында былай делінген:

Одақтастар әскерлері 16 декабрьде Бра хелен мен Мариавейлер ауданында, Дюрениң солтүстік-батыс жағында, Рентгеннің шығыс жағындағы Роллесбройх маңында және Моншаудың оңтүстік-шығыс жағындағы орманда дұшпанның жергілікті маңызы бар көптеген қарсы атакаларын тойтарды. Саар өзені алқабында одақтастар әскерлері Дилленген мен Саарлаутер секторларында өткел аузындағы бекіністерді кеңейтуде. Сааргеомданың солтүстік-шығыс жағында одақтастардың әскер бөлімдері Гавкирхен маңында алға басты. Бұл жерден шығысқа қарай одақтастар әскерлері Геркискейге жетті.

Төменгі Вогезден батысқа қарай одақтастар әскерлері қатты ұрыспен алға басты. Одақтастардың әскер бөлімдері қазір Витшаға таяу жерде тұр. Бұл жердің солтүстік-батыс жағында одақтастар әскерлері Хотбейлерге жетті. Рейн маңында Виссенбург (Франция-Германия шекарасының

оңтүстік жағында) және Шейбенхард қалалары алынды.

Одақтастар авиациясы дұшпанның соғыс орындарына шабуыл жасауда болды.

ЛОНДОН, 17 декабрь. (ТАСС). Одақтастардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай делінген: Италияда Жаңа Зеландия дивизиясы қатты ұрыстан кейін Фаэнца қаласын алды. Бантыкавало қаласының солтүстік жағында 8-армияға қараған Канада бөлімдері 3 мильдік майданда Навильо каналының өткелі аузындағы бекіністі өз қолдарында ұстап тұр. Фаэнцаның батыс жағында 8-армияға қараған Жаңа Зеландия және Индия бөлімдері едәуір алға басты. Одақтастар әскерлері Римини-Болоньяның батыс жағындағы ауданда кең майданда Сенно өзеніне жақындап келеді. 5-армияның учаскесінде күзет әскерлері құймыл жасады және артиллерия атысы болып тұрды.

16 декабрьде ауыр бомбашылардың ірі құрамалары истребительдерді ертіп шығып, дұшпанның Германиядағы, Австрия мен Чехословакиядағы соғыс орындарына шабуыл жасады.

**БОНОМИ ҮКМЕТІ ЖАЙЫНДА АНГЛИЯ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ**

ЛОНДОН, 15 декабрь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, Англияның сыртқы істер министрлігі 14 декабрьде кешкілікте мынадай мәлімдеме жасаған көрінеді:

«Бономидің басқаруындағы жаңа үкметтің құрлуына әкеліп соққан Италиядағы жуырда болып өткен саяси дағдарыс кезінде, Англия мен Американың Римдегі елшілері үнемі өзара кеңесіп отырды.

Бұл екі елшінің баяндамасын, олардың жауап беретін үкметтері қанағаттанарлық деп тапты. Өзара толық келісімде болып отырған Ұлы Британия Үкметі мен Америка үкметі, қазір өз елшілеріне, олар жаңа үкметтің көз қарасын құттықтайтындығын және бұл үкметтің өз пұрсаттарын алғандығына қуанып отырғандығын білдірді».

**Югославиядағы ұрыстар**

БЕЛГРАД, 15 декабрь. (ТАСС). Югославия халық-азаттық армиясының жоғарғы штабы, Шығыс Боснияда Дрин өзені алқабында қатынас жолдары үстінде ұрыстар болды және бұл ұрыстарда дұшпан орасан көп шығынға ұшырады деп хабар етті. Любовия-Рогатница секторында кері шегініп бара жатқан немістерді өкшелеуге қушы Югославия бөлімдері Дрин өзеніне жетіп, өзен алқабындағы қатынас жолдарын кесіп өтті. Югославия бөлімдері қоршауға алынған Уисница қаласындағы неміс гарнизонын тықсыруда болды.

Черногорьеде, Матешеве секторында қоршаудан шығу үшін әрекет жасаушы неміс бөлімдеріне қарсы қатты ұрыстар жүргізілуде.

БЕЛГРАД, 16 декабрь. (ТАСС). Югославия халық-азаттық армиясы жоғарғы штабының хабарында былай делінген: Черногорьеде Югославия бөлімдері Албания бө-

лімдерімен бірлесіп отырып, Тузиді алды және бүкіл майдан бойында Цивене өзеніне жетті. Матешеве-Майковац төңірегінде қатты ұрыстар болып жатыр. Матешеве-Майковац ауданында 10 күн ішінде жаудың 3450 солдатты мен офицері саптан шығарылды. Жаудан көп олжа қолға түсірілді.

Босры алқабында ұрыстар болып жатыр. Югославия бөлімдері жаудың бірнеше колонналарын талқандады.

Хорватияда неміс және усташи бөлімдерінің ірі күштері Загреб мен Карловацтан Писаровиньға қарай шабуыл бастады. Қазір мұнда қатты ұрыстар болып жатыр. Немістер сол сияқты Двор-Костайниця секторынан шабуыл жасады.

Ликте Югославия бөлімдері немістердің бірнеше тіректері бекіністерін жойды, сөйтіп Медакте қоршауға алынған жаудың гарнизонын жою жөнінде ұрыстар жүргізуде.

**Грециядағы жағдай**

ЛОНДОН, 15 декабрь. (ТАСС). Одақтастардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабындағы ағылшынның министрі-резиденті Грецияның бас министрі мен екі рет мәслихат жасағандығын бүгін таң ертең Лондон радиосы хабар етті. Афины мен Солоникде басталған жаппай ереуіл қазіргі күнде Грецияның көптеген ірі қалаларына жайылған. Кеше күндіз Афиньда уақытша тыныштық аяқталды. Партизандар қаланың орталығында тағы да ұрыс жүргізе бастады. Италиядан са-

молеттермен ағылшын әскерлері үшін ірі толықтырулар келді. Ағылшын әскерлері Афинының орталығына қарай баратын көп теген көшелерде тікенек сым бөгеттерін жасады. Жай халықтың тәулігіне екі сағат ғана көшеде жүруіне рұқсат беретін бұйрық астанаға партизандар үшін толықтыру және қару-жарақ әкелінуіне тыйым салу мақсатында жарияланып отырған көрінеді.

Жауапты редактор  
**Ө. ОСПАНОВ.**

«УДАРНИК» кино-театрында  
Бүгін және күн сайын  
«АҚЫРҒЫ ТҮН»  
деген көркем суретті дыбысты фильм көрсетіледі.  
Сеанстар кешкі сағат 6-8-10-да басталады.  
Касса күндізгі сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКТАБРЬ» кино-театрында  
Бүгін және күн сайын  
«ҰЛЫ АЗАМАТ» (1-сериясы)  
деген көркем суретті дыбысты фильм көрсетіледі.  
Сеанстар кешкі сағат 6-8-10-да басталады.  
Касса күндізгі сағат 3-тен бастап ашық.  
Келесі программа:  
«ҰЛЫ АЗАМАТ» (II-сериясы).